

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Инструкция: Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из четырех предложенных.

1. Сөз аралығындағы кейінді ықпал

- A) Кек алу
- B) Мал қора
- C) Шын достық
- D) Ала көз

2. Антоним қатысқан сөйлем

- A) Дүйсенғали көне домбырасын қолына алып, шертіп отырады.
- B) Жылап айтқан шынға нанбайды, күліп айтқан өтірікке нанады.
- C) Алғашқы келген кездегідей емес, балалар жұмысқа төселіпті.
- D) Мұраттың көп жаттығып, қатып-пісіп алғаны айқындалды.

3. Зат есімнен болған түбір сөз

- A) Бағдар
- B) Бұл
- C) Биыл
- D) Батыл

4. Үстеуден жасалған сын есім

- A) Сенімді
- B) Сулы
- C) Мейірімді
- D) Биылғы

5. Күрделі сан есімдер қатысқан сөйлем

- A) Отыз оқушы үшінші автобуска отырады.
- B) Жүз жиырма екі оқушы жарысқа барады.
- C) Екеуі де бесінші сыныпта оқиды.
- D) Бір жылда төрт мезгіл болады.

6. Берілген мақалдағы сан есімнің мағыналық түрі

Ердің екі сөйлегені – өлгені.

- A) реттік
- B) есептік
- C) жинақтық
- D) бөлшектік

7. Тәуелденген сұрау есімдігі

- A) Өзіңіз
- B) Онысы
- C) Кімім
- D) Мынауы

8. Зат есімнің көмекші есіммен байланысу тәсілі

- A) Барыс септік, тәуелдік жалғау
- B) Табыс септік, көптік жалғау
- C) Ілік септік, тәуелдік жалғау
- D) Ілік септік, жіктік жалғау

9. Болжалды келер шақ жұрнағы бар мақал

- A) Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізер.
- B) Кісінің шырайына қарама, райына қара.
- C) Екі кемеңіз басын ұстаған суға кетеді.
- D) Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі.

10. Бұйрық райдың сыпайы түрі

- A) Салғайсың
- B) Көріңдер
- C) Кешікпеңіздер
- D) Келсін

11. Мекен үстеу берілген қатар

- A) онша, сонша, анағұрлым, бірталай, әжептәуір
- B) төмен, ілгері, жоғары, артта, алға
- C) қазір, кеше, ертең, күндіз, былтыр
- D) босқа, бекерге, амалсыздан, шарасыздан, лажсыздан

12. Күшейткіш үстеу қатысқан сөйлем

- A) Осы жағдайды ағама бекерге айтқансың.
- B) Ертең ауылға қонақтар келетін болыпты.
- C) Балалар іс-шараға күні бойы дайындалды.
- D) Марат ең әдемі гүлді таңдап алды.

13. Екі септеулік шылау кездесетін сөйлем

- A) IT университетіне түскен соң, Мәулен ғылыммен айналысты.
- B) Жастар мақсаттарын іске асыру үшін ғылым жайлы ізденді.
- C) Ол интернетті жіті қарап, тәжірибе арқылы үйренді.
- D) Мәуленнің диплом жұмысы бионикалық протез қол жасау туралы болды.

14. Сондықтан, сол себепті, өйткені жалғаулық шылауларының мағыналық түрі

- A) себеп-салдар
- B) қарсылықты
- C) кезектес
- D) ыңғайлас

15. Қыстырма сөзі бар сөйлем

- A) Түнде жыламас болар, қарағым.
- B) Қызым, жөніңді айтшы, өзіңді таныстыр.
- C) Күнкөріс қамы үшін мал өсірген де жақсы, балам.
- D) Қорыққандықтан ба, әйтеуір, сөйлер сөзін ұмытты.

16. Жақсыз сөйлем

- A) Ол әкесін айтқызбай-ақ тез түсінетін.
- B) Анасымен бірге кітап оқығанды жақсы көреді.
- C) Біздің бірлесіп кітап оқуымыз керек.
- D) Биыл анасынан бірінші рет ұзап шықты.

17. Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

- A) Жұрт босағадан аттап та үлгермеді, жас нәрестенің шыр еткен даусы естілді.
- B) Осы уақытқа дейін қанша адаммен кездесті, – мұндай ізгі жанды көрген жоқ.
- C) Ешкім үндемеді, мұндағы адамдардың барлығы қарияның даусын білетін.
- D) Ол қақпаға кіре бергенде байқады: үйге алыстан тағы біреулер келген.

18. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем

- A) Сендерге айтарым сол: жиналыста бұл мәселе енді көтерілмесін.
- B) Оның ойын достары қостады, әрі туыстары да осылай шешті.
- C) Серік үйге кірді, бірақ оған ешкім мән бермеді.
- D) Бүгін біресе жаңбыр жауды, біресе қатты жел тұрды.

19. Кезектес салалас құрмаластың ерекшеліктері

- A) Құрамындағы сөйлемнің екі сыңарында да іс-әрекеттің жүзеге асуы кезектесіп келе береді.
- B) Құрамындағы сөйлемдердің бірінде іс-әрекеттің себебі, екіншісінде салдары баяндалып отырады.
- C) Бірінші сөйлемде баяндалған оқиғаның мәні келесі сөйлемде түсіндіріліп отырады.
- D) Құрамындағы сөйлемдер бір-біріне қайшы мәнде тұрады.

20. Жалғаулықсыз қарсылықты салалас сөйлем

- A) Көктем ерте келді, құстар да орала бастады.
- B) Биыл қыс ерте түсті, адамдар ерте қамданды.
- C) Күн тез жылынды, мал жайлауға шықты.
- D) Көктем ерте келді, – күн жылына қоймады.

21. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

- A) Кішкентай бала болса да, Үсен ақылдылығын көрсетті.
- B) Біраз жер жаяу жүрген соң, сүрлеу екіге айырылады.
- C) Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, екеуі жұртта қалыпты.
- D) Үсен үндемей келе жатса, екеуінің алдынан бір үйрек шығады.

22. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

- A) Мұнда қызу жұмыс басталғалы, жастар да тыным таппады.
- B) Құлағына жайлы хабар тигендіктен, Ақан киіне бастады.
- C) Күздің санаулы күндерінің бірі бола тұра, ауа райы жақсы еді.
- D) Бірлік болмай, тірлік болмайды.

23. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

- A) Осынша қуаңшылыққа қарамай, жылан биыл да түлеген.
- B) Туыстары қанша қарсы болса да, Марат өз дегенін істеді.
- C) Малы кеткен соң, бағы кете бастады.
- D) Қажет құжаттар жіберілген соң, университеттен хабар күттік.

24. Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары

- A) *-ысымен, -ісімен* қосымшалы етістікпен
- B) көсемшенің *-ғалы, -гелі* тұлғасынан
- C) *-ған, -ген* есімшеге *кезде* шылауы тіркесуі арқылы
- D) шартты райлы етістікпен *да, де* шылаулары тіркесу арқылы

25. Аралас құрмалас сөйлем

- A) Ас осал адамға берілмейді және ас беру дегеніміз асқан-тасқандықты көрсетпейді.
- B) «Құнанбай әкесі Өскенбай өлгенде, ел таудан жаңа қонған кез екен, сондықтан, бүгінгі дүйсенбіден келер дүйсенбіге жаназа деп ел шақырды дейді.
- C) Құнанбай аға сұлтанның атақ-даңқын алты алашқа жайған келесі бір өнегелі ісі – әкесі Өскенбайға Үш жүздің басын қосып ас беруі.
- D) Халқымыздың дәстүр-ғұрпында ата-бабаларымызға арналған ас беру – ертеден келе жатқан рәсім.

***Инструкция:** Вам предлагаются тестовые задания на основе текста с выбором одного правильного ответа из четырех предложенных.*

Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

Қазіргі таңда мамандықтардың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекқор болуы қажет және оның мамандығы өз халқына маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, қабілетті, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді.

Қабілеттілік – табиғаттың әрбір адамға сыйлайтын ғажайып сыйы, біреуге көбірек, біреуге азырақ бұйырады. Ал ұзақ уақыт бойы өз басында ешбір қабілеттілік жоқ деп санап жүрген үшінші біреу кенет өз бойынан ерекше қасиеттерді байқайды. Мысалы, оның өнертапқыштық қабілеті не сурет салуға бейімділігі, не ақындық дарыны бары белгілі болады. Өзі сұраныста және кең тараған мамандықтарға дәрігер, заңгер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады.

Ал, қазіргі ХХІ ғасыр заманында қажетті жаңа мамандықтар бар, бұған менеджер, программист, дизайнер жатады. Қазір қоғам мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілеттілікті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді. Сондықтан қажетті, қызығуы, бейімі бар мамандықты таңдай білу және өзіне, қоғамға пайдасын тигізетін мамандық таңдау өзіңе байланысты.

26. Мамандық таңдауда адам неге сүйенеді?

- A) мектебіне
- B) қабілетіне
- C) ата-анасына
- D) оқу орнына

27. Берілген мәтіннің тақырыбы

- A) мамандықтардың адам өміріне зияны
- B) мамандық таңдаудың маңыздылығы
- C) мамандық таңдауда мамандардың жетіспеушілігі жайлы
- D) мамандық таңдаудың оңай екендігі туралы

28. Қазіргі ХХІ ғасырдағы қажетті жаңа мамандық түрлері

- A) фармацевт, гид, жүргізуші
- B) құрылысшы, мұғалім, дәрігер
- C) менеджер, программист, дизайнер
- D) аспаз, шаштараз, тәрбиеші

29. Мәтін мазмұнына қатысы жоқ нұсқа

- A) қоғам
- B) қабілет
- C) мамандық
- D) жалақы

30. Қоғамға пайдасын тигізетін мамандық таңдау

- A) өзіңе байланысты
- B) ортаға байланысты
- C) ата-анана байланысты
- D) мектепке байланысты

Инструкция: Вам предлагаются тестовые задания на установления соответствия.

31. Мысалдарды антонимдерімен сәйкестендіріңіз

А)	Жақын	Төмен
		Алыс
		Таяу
		Биік
В)	Жоғары	Төмен
		Алыс
		Таяу
		Биік

32. Мысалдардағы есімдіктерді оның түрлерімен сәйкестендіріңіз

А)	Бейсен ақырында бәрін де жеңіп, еңбек зейнетін көріп отыр.	өздік
		жалпылау
		белгісіздік
		болымсыздық
В)	Столға шұқшиып әлдене жазып отырған анасы басын көтермеді.	өздік
		жалпылау
		белгісіздік
		болымсыздық

33. Үстеу түрлерін мысалдармен сәйкестендіріңіз.

А) Мезгіл	Бүгін таңертең аз ғана ас құйылған екен.
	Асан екеуміз ақырын әңгімелесіп келе жатырмыз.
	Алыста Қаратаудың сілемдері бұлдырайды.
	Бәрінде асы үлкен әбігер бар.
В) Мекен	Бүгін таңертең аз ғана ас құйылған екен.
	Асан екеуміз ақырын әңгімелесіп келе жатырмыз.
	Алыста Қаратаудың сілемдері бұлдырайды.
	Бәрінде асы үлкен әбігер бар.

34. Мысалдарды салаластың түрлерімен сәйкестендіріңіз.

А) Гүлназдың тынышы кетті, сондықтан ол жұмыста отыра алмады.	қарсылықты
	ыңғайлас
	кезектес
	себеп-салдар
В) Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.	қарсылықты
	ыңғайлас
	кезектес
	себеп-салдар

35. Мысалдарды құрмаластың түрлерімен сәйкестендіріңіз.

А)	Аяғым қай жерді басып тұрса, сол жер менің Отаным.	салалас құрмалас
		сабақтас құрмалас
		аралас құрмалас
		көп құрамды салалас
В)	Күн шықты, ел ақырындап тұра бастады.	салалас құрмалас
		сабақтас құрмалас
		аралас құрмалас
		көп құрамды салалас

Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов.

36. Туынды сын есімдер қатары

- A) Балықшы, ұстаз
- B) Бай, бақытты
- C) Кітапхана, биылша
- D) Бақытты, ашушаң
- E) Ақылды, көрікті
- F) Айлакер, өнегелі

37. Сабақты етістік(-тер)

- A) Жақында
- B) Жина
- C) Жөнел
- D) Жүгір
- E) Жаса
- F) Жібер

38. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем(-дер)

- A) Дәл осы сәтте ол еш нәрсе ойлаған жоқ еді, дегенмен әлденеге алаңдағандай болды.
- B) Құлбай үйінде жаңадан мектеп ашылатын болыпты және оған жаңадан мұғалім келіпті.
- C) Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек.
- D) Қадірдің киімі жұқа әрі денсаулығы да мықты емес еді.
- E) Көп адам қасында келеді, бірақ жалғыз келе жатқандай сезінеді.
- F) Мұғалім күлімсірей бастыққа қарады, бірақ қарт оған назар аударған жоқ.

39. Мақсат бағыныңқылы сабақтас қатысқан сөйлем(-дер)

- A) Ол өзінің жұмыс істейтін жерін көрсетпек болып, бүгін цехқа жолдасын ертіп келіп еді.
- B) Дәуіт ұшып кетпеу үшін, қарлығаш оның қанатын қырқып қояды.
- C) Екеуі үйден шыққанда, қонақтардың соңы әлі тарамаған еді.
- D) Бүгін бірер керек кітабын алып шықпақ болып, өзі жалғыз кіріп еді.
- E) Алаш арыстарының жұмысы басталысымен, қиындықтар да көп кездесе бастады.
- F) «Алаш» үкіметі орнағаннан кейін, бәрі әділ шешілетініне сенімді болды.

40. Берілген сөйлемдердегі ыңғайлас салалас құрмалас(-тар)

A) Уыз піскен кезде қатады, сол кезде біркелкі етіп кесу керек.

B) Наурызды тойлауда әлем халықтарының ерекшеліктері бар, дегенмен ортақ заң да бар.

C) Наурызда Табиғат-ананың бауырындағы бүкіл тіршілік оянады: жылылық келеді, су ағады.

D) Мейрамда ауыл адамдары дәм татады және үлкен адамдар бата береді.

E) Біресе сабағын оқыды, біресе Наурыз туралы ақпарат іздеді.

F) Байырғы қазақтар бұл мерекені «уыз мереке» деп атаған, себебі бұл айда мал төлдеген.

ТЕСТ ПО КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ ЗАВЕРШЕН